

KASE

АПТАЛЫҒЫ

13–17 ақпан
2023

KASE ЖАҒАЛЫҚТАРЫ

- KASE 2022 жылдың қорытындысы бойынша Биржаның ең үздік мүшелерін [марапаттады](#)
- KASE 2022 жылдың қорытындысы бойынша листингтік компанияларды "Ашықтыққа ұмтылғаны үшін" дипломдарымен [марапаттады](#).
- KASE 2022 жылдың қорытындысы бойынша ең белсенді БАҚ өкілдерін [марапаттады](#).
- KASE ресми тізіміне "FIVE BROKERS' CAPITAL" АҚ [KZ2C00009322](#) (FIVEb4) облигациялары және "Birinshi Lombard" ЖШС (Бірінші Ломбард) [KZ2P00009277](#) (MFBLb1) облигациялары енгізілді.
- KASE-де Nike, Inc. [US6541061031](#) (NKE_KZ) жай акцияларымен сауда-саттық тоқтатылды
- KASE-де IBM corp. [US4592001014](#) (IBM_KZ), American Electric Power Company, Inc. [US0255371017](#) (AEP_KZ), Starbucks Corporation [US8552441094](#) (SBUX_KZ), Exxon Mobil Corporation [US30231G1022](#) (XOM_KZ) жай акцияларымен, АҚШ Қаржы министрлігінің [US912810FJ26](#) (US_04_2908) және [US91282CCT62](#) (US_09_2408) халықаралық облигацияларымен сауда-саттық қайта басталды.
- KASE-де 2023 жылдың ақпан айында орындалатын фьючерстер [жабылды](#).

ЭМИТЕНТТЕРДІҢ ЖАҒАЛЫҚТАРЫ МЕН АНОНСТАР


- Қазақстан Қаржы министрлігі KASE-де 52,3 млн МЕОКАМ-24 87-ші шығарылымын ([KZK200000745](#), MOM024_0087) және 46,5 млн МЕОКАМ-60 54-ші шығарылымын ([KZK200000737](#), MOM060_0054) орналастырды.
- Қазақстан Қаржы министрлігі KASE-де МЕТИКАМ-96 бірінші шығарылымын ([KZKT00000057](#), MTM096_0001) орналастырып, 35,5 млрд теңге тартты.
- "Қазақстанның Даму Банкі" АҚ KASE-де өзінің KZ2C00009140 (BRKZb28) облигацияларына жазылым жүргізу арқылы өтеуге кірістілігі жылдық 0,50 %-бен орналастыра отырып, 15,0 млрд теңге [тартты](#).
- "Онлайн Қазқаржы МҚҰ" АҚ KASE-де KZ2P00008162 (MFOKb2) жазылым жүргізу арқылы облигацияларын өтеуге орташа сараланған кірістілігі жылдық 22,75 %-бен орналастыра отырып, 922,4 млн теңге [тартты](#).
- "Қазақстандық тұрақтылық қоры" АҚ KASE-де KZ2C00008720 (KFUSb42) облигацияларын өтеуге орташа сараланған кірістілігі жылдық 16,98 %-бен орналастыра отырып, 18,7 млрд теңге [тартты](#).
- Freedom Holding Corp. 2023 фискалдық жылдың үшінші тоқсанындағы қаржылық нәтижелер туралы [хабарлайды](#)
- Freedom Holding Corp. американдық инвестициялық банк Maxim Group LLC [сатып алады](#).

17.02.2023

KASE Индексі	Бағасы	Трендтер (%)	
		Δ 7к	Δ 1а
Өтімділіктің бірінші сыныбы			
Freedom Holding Corp.	73,55	15,2	13,7
AltynGold plc	947,08	7,6	8,9
American Airlines	17,28	6,0	- 5,8
Tesla, Inc.	218,99	4,8	62,3
АО "НК "ҚазМұнайГаз"	10 000,00	3,7	4,6
АО Kaspi.kz	35 249,00	3,7	4,4
Apple Inc.	152,50	2,6	13,0
АО "Банк ЦентрКредит"	461,00	1,8	23,3
Intel Corporation	28,29	1,8	- 6,1
АО "Народный банк Казахстана"	127,99	0,8	0,1
АО "Баян Сулу"	441,51	0,7	-
АО "KEGOC"	1 619,96	0,2	- 0,0
NOSTRUM OIL & GAS PLC	22,44	-	- 5,3
АО "Банк ЦентрКредит"	628,02	- 0,0	- 0,9
АО "КазТрансОйл"	717,00	- 0,1	- 0,3
АО "Қазақтелеком"	29 400,00	- 0,3	3,0
АО "НАК "Қазатомпром"	14 223,00	- 0,4	4,2
АО "Кселл"	1 773,95	- 0,8	1,7
АО "БАСТ"	9 300,00	- 0,9	- 9,7
АО "ForteBank"	4,25	- 1,2	- 5,1
Bank of America Corporation	35,36	- 1,3	0,6
Ford Motor Company	13,77	- 2,1	- 3,0
Advanced Micro Devices, Inc.	80,05	- 2,4	12,2

Анықтама: жасыл түспен индекстік акциялар белгіленген

KASE Индексінің акциялары



Жеке тұлғалар мен бейрезиденттер үлесі



Өткен аптада KASE Индексінің мәні 3 400 тармақ белгісіне жақындап, 1 %-ға өсті. Өсудің негізгі драйверлері ҚазМұнайГаз және Kaspi.kz, олар 3,7 %-ға өсті. Сондай-ақ өсімді Халық банкінің жай акциялары – 0,8 %-ға, KEGOC – 0,2 %-ға көрсетті.

ҚазМұнайГаз ұлттық компаниясы акцияларының құны мұнай нарығындағы бағаның төмендеуіне қарамастан бір апта ішінде өсті. Өткен жылдың желтоқсан айында акциялар жарияланған күннен бастап мұнай газ компаниясының акциялары 19 %-ға өсті.

Акциялары Қазақстан қор биржасының ресми тізімінде тұрған Freedom Holding компаниясы АҚШ нарығында өзінің қатысуын кеңейту және Maxim Financial Advisors еншілес ұйымымен бірге американдық Maxim Group инвестициялық банкі сатып алу туралы хабарлады.

Топ инвестициялық-банктік, брокерлік және талдамалық қызметті жүзеге асырады. Мәміленің құны шамамен 400 миллион долларды құрайды.

KASE Global секторында келесі корпорациялардың: Starbucks, IBM, American Electric Power және Exxon Mobil жай акцияларымен сауда-саттық қайта басталды. Дивидендтер төлеу үшін тізілімді бекітуге байланысты сауда-саттық уақытша тоқтатылды. KASE Global секторында барлығы 46 атаудағы шетелдік акциялар және шетелдік эмитенттердің алты ETF бар.

Борыштық капитал нарығында Қазақстанның Даму Банкі 12 жылдық облигацияларды орналастыра отырып, жазылым арқылы KASE-де 15 млрд теңге тартты. Онлайн Қазқаржы Микроқаржы ұйымы өтеуге кірістілігі жылдық 22,75 %-бен үш жылдық облигацияларды орналастыра отырып, 922,4 млн теңге тартты.

Қазақстандық орнықтылық қоры өтеуге кірістілігі жылдық 16,98 %-бен және өтеуге дейін 1 жыл мерзімімен жалпы сомасы 18,7 млрд теңгеге облигациялардың бір шығарылымын орналастырды.

KASE ресми тізімінің баламалы алаңына FIVE BROKERS'CAPITAL жылдық облигациялары және Birinshi Lombard екі жылдық облигациялары енгізілді. Бір апта ішінде өз облигациялары бойынша купондық сыйақы төлеуді "Самұрық-Қазына" қоры, Қазақстанның Даму Банкі, Қазақстандық тұрғын үй компаниясы, Қазақстандық орнықтылық қоры, Халық банкі, Jusan Bank жүзеге асырды.

МБҚ нарығында Қаржы министрлігі жалпы сомасы 136,6 млрд теңгені құрайтын, мерзімі 2 жылдан 8 жылға дейінгі және кірістілігі жылдық 15,87–17,28 % болатын қазынашылық міндеттемелердің үш шығарылымын орналастырды.

Бір апта ішінде шетелдік нарықтар АҚШ-тағы инфляцияның жаңа деректеріне байланысты екі рет қысымға ұшырады. Қаңтардағы тұтынушылық және өндірістік инфляция желтоқсан айынан төмен болғанымен, сарапшылардың болжамдарынан жоғары болды. Яғни, АҚШ-тағы инфляциялық процестер баяулайды, бірақ баяулау жылдамдығы экономистердің күткенінен төмен.


Көп бағытты жаңалықтарда жетекші қор нарықтары бүйірлік динамиканы көрсетті; инвесторлардың сауалнамалары Федералды резервтік ставканы қайта қарау бұрын болжанғаннан көп болады деген алаңдаушылық басым екенін көрсетті. Осыған байланысты АҚШ-тың 10 жылдық мемлекеттік облигацияларының кірістілігі жылдық 3,8 %-дан асты, DXY доллар индексі 104 тармақтан жоғары болды.



Мемлекеттік бағалы қағаздармен 10-17 ақпан аралығында (МБҚ) бір күнге РЕПО операцияларының (TONIA) кірістілігі өзгерген жоқ және жылдық 15,76 % құрады. Қаралып отырған кезең үшін бір күн мерзімге (SWAP-1D (USD)) АҚШ доллары кепілімен теңгені қарыз алу мөлшерлемесі 15,9 %-дан 15,44 %-ға дейін төмендеді.


Инфляция және пайыздық мөлшерлеме

Инфляция, 12М MM Index Базалық мөлшерлеме Repo-1д Сwap-1Д




ҚР ҰБ ноталарын орналастырудың негізгі параметрлері

Апталық орналастыру (←) Айлық орналастыру (←) Үш айлық орналастыру (←) Апталық кірістілігі (→) Айлық кірістілігі (→) Жарты жылдық кірістілігі (→)
 Жарты жылдық орналастыру (←) Жылдық орналастыру (←) Үш айлық кірістілігі (→) Жылдық кірістілігі (→)



Тәуекелсіз қысққ кірістілігі

17.02.2023 (KZT Yield) 30.12.2022 31.12.2021






Сауда-саттық қорытындысы бойынша, 17 ақпанда теңгенің нарықтық бағамы бір аптада 1,5%-ға (450,79 теңгеден) нығайып, 1 АҚШ доллары үшін 444,23 теңге деңгейінде қалыптасты.

2023 жылдың 10-17 ақпан аралығында сыртқы валюта нарығында бірқатар маңызды оқиға болды. Қаңтарда АҚШ-тағы инфляция ж/ж 6,4%-ға дейін бәсеңдеді, бірақ талдаушылар күткеннен асып түсті. Қаңтарда АҚШ-тағы бөлшек сауда 2021 жылғы наурыздан бастап ең жоғары қарқынмен а/а 3%-ға өсті. Жыл басында өндірушілердің бағасы күткенге қарағанда 0,7%-ға көбірек өсті. АҚШ-тағы күшті макроэкономикалық деректер АҚШ ФРЖ-ның мөлшерлемелерді жоғары деңгейде ұзақ уақыт ұстап тұру ықтималдылығын арттырды. Бұл факторлар көбінесе дамушы нарықтарда валюталардың теріс динамикасын құрды. Дамушы елдерде АҚШ долларына қатысты валюталар бағамының динамикасы төмендегідей қалыптасты:

- Мексика песосы 1,6%-ға (18,67-ден 18,37-ге дейін) нығайды. Базалық мөлшерлеменің жоғары деңгейі (11%) және АКС-ның одан әрі қатаңдауын күту АҚШ доллары бағамының жағандық нығаюына қарамастан Мексика ұлттық валютасының нығаюына ықпал етті;
- Бразилия реалы мемлекет басшысының жыл соңына қарай мөлшерлемені 12%-ға дейін төмендетуді қамтамасыз ету үшін инфляция бойынша таргетті 1 пайыздық тармаққа ұлғайтуды қажет деп есептейтін хабарламаларына байланысты әлсірегеннен кейін қайта қалпына келе отырып, Орталық Банктің саясатына қатысты Президент риторикасының жеңілдеуі аясында 1%-ға (5,21-ден 5,16-ға дейін) нығайды;
- түрік лирасы 0,1%-ға (18,81-ден 18,83-ке дейін) әлсіреді. Елдегі табиғи зілзалаға байланысты құбылмалылықтың артуы аясында биржадағы акциялармен сауда-саттық 15 ақпанға дейін тоқтатылды;
- үнді рупиясы АҚШ доллары бағамының жағандық нығаюы аясында 0,4%-ға (82,51-ден 82,83-ке дейін) әлсіреді. Үндістандағы инфляция талдаушылардың күткеннен де жоғары ж/ж 6,52%-ға өсті;
- Индонезия рупиясы теріс тәуекел-сентименті мен бейрезиденттердің борыш нарығынан кетуі аясында 0,5%-ға (15 134-тен 15 210-ға дейін) әлсіреді;
- Оңтүстік Африка ранды электр қуаты өшетін оқыс оқиғалардың елдің экономикалық өсуіне және әлеуметтік-саяси тұрақтылығына теріс әсер ететіні туралы Moody's және Fitch рейтингтік агенттіктерінің есептері аясында 1,1%-ға (17,86-дан 18,06-ға дейін) әлсіреді;
- Ресей рублі санкциялық хабарлар және мұнай өнімдері мен мұнай бағасының ең жоғары шегін енгізу аясында 1,2%-ға (73,39-дан 74,29-ға дейін) әлсіреді.


Шетел валюталарының бағамы динамикасы

Δ %, база (01.01.23)



Brent мұнай құны

USD/баррель



Анықтама: Кесте мен сызба ҰБ арнайы нарық бағамы негізінде жасалған. ҰБ бағамы KASE бағамымен айырмашылығы болуы мүмкін.



Халықаралық индекстер

Атауы	Мәні	Тренд %			Фьючерс
		7к	1а	1ж	7к
S&P 500	4 079,09	-0,3	3,8	-6,9	-0,3
Dow Jones	33 826,69	-0,1	1,6	-1,4	-0,1
PTC	920,19	-5,3	-8,6	-36,5	-4,8
MMBБ	2 285,53	0,0	0,0	0,0	-4,8
Hang Seng	20 719,81	-2,2	-4,4	-16,4	-2,8
SS CSI 300	4 034,51	-1,7	-2,3	-12,8	-1,5
Euro Stoxx 50	4 274,92	1,8	2,4	3,9	1,8
FTSEuroFirst	4 932,50	1,6	1,7	3,6	1,7
FTSE 100	8 004,36	1,5	2,2	6,2	1,6
KASE	3 382,79	1,0	2,0	-4,5	

Шикізат нарығы

17.02.2023

Атауы	Бағасы	Тренд %		
		7к	1а	1ж
Мұнай (Brent)	83,00	-3,9	-2,3	-10,7
Мұнай (WTI)	76,34	-4,2	-4,0	-16,8
Табиғи газ	2,28	-9,5	-31,3	-49,3
Мыс	410,85	2,3	-3,0	-9,2
Темір	908,00	1,5	5,1	25,2
Алтын	1 842,36	-1,2	-3,2	-3,0
Күміс	21,72	-1,6	-8,2	-9,0
Астық	765,50	-2,6	3,1	-4,1

Экономикалық уақиғалар күнтізбесі

Валюта Болжам Алдыңғы

20.02	<u>ҰБК базалық несиелік мөлшерлемесі</u>	CNY	3,65%	3,65%
21.02	<u>Германияның өндірістік секторындағы іскерлік белсенділік индексі (PMI) (ақпан)</u>	EUR	47,8	47,3
22.02	<u>FOMC хаттамаларын жариялау</u>	USD		
23.02	<u>Тұтыну бағаларының индексі (ТБИ) (ж/ж) (қаңтар)</u>	EUR	8,6%	8,5%
23.02	<u>ЖІӨ (т/т) (4 тоқ.)</u>	USD	2,9%	2,9%
24.02	<u>Германияның ЖІӨ (т/т) (4 тоқ.)</u>	EUR	-0,2%	-0,2%
24.02	<u>Жеке тұтыну шығыстарының базалық баға индексі (а/а) (қаңтар)</u>	USD	0,4%	0,3%

Анықтама: Күнтізбе KASE пікірі бойынша ағымдағы аптаның экономикалық неғұрлым маңызды оқиғалары

В – миллиард
М – миллион
К – мың

Қазақстанның макроэкономикалық статистикасы

Мәні Күні Алдыңғы ай

Жылдық инфляция	20,7%	01.02.23	20,3%
ҚРҰБ жалпықлттық резервтер, млрд USD	36,7	01.02.23	35,1
Ақша базасы, млрд KZT	11 707,1	01.02.23	11 874,4
Ақша масса, млрд KZT	33 834,4	01.02.23	34 295,9

Қазақстанның несие рейтингі

Рейтинг Күні Алдыңғы

S&P Global

BBB-/A-3 негативті 02.09.22 BBB-/A-3 әлсіз

Moody's

Ваа2/әлсіз 11.08.21 Ваа3/позитивті

FitchRatings

BBB/әлсіз 02.12.22 BBB/әлсіз



"Қазақстан қор биржасы" АҚ

Мекен-жайы: Қазақстан Республикасы,
050040, Алматы қ., Байзақов 280 БЦ
"Almaty Towers"

Тел.: +7 (727) 237 53 00




Корпоративтік веб-сайт



Бізбен байланысыңыз



**Листингілік компаниялардың
корпоративтік оқиғалар
күнтізбесі**



Осы есетегі ақпараттар мен пікірлерді "Қазақстан қор биржасы" АҚ (әрі қарай - KASE) мамандары әзірледі. KASE осы есебінде берілген ақпараттардың толық әрі дәл, дұрыс болуына көпілдік бермейді. KASE де, қызметкерлердің біреуі де осы есептің немесе онда ұсынылған мәліметтер мен талдауларың пайдалану нәтижесінде келген зиянға жауап бермейді.

KASE осы есепті үнемі жаңартуға жауап бермейді, сондай-ақ осы есепті дайындаған сәттен бастап, барлық өзгерістер туралы хабарлауға жауап бермейді:

1. Қаржы құралдарына түсетін инвестициядан табыс көбінесе нарықтық және нарықтық емес факторлардан туындайды. Көбінесе, инвестордың нақты кірісіне пайыздық мөлшерлемелердің ауытқулары, салық төлеу нормалары, валюталық бағам қозғалысы, бағалы қағаздардың баға белгілеулерін, нарықтық индекстердің, компанияның өндірістік және қаржылық көрсеткіштерін өзгерту, сондай-ақ басқа факторлар.
2. Өткен қорытындылар болашақтағы көрсеткіштердің қандай болатынын үнемі көрсете бермейді. Сонымен қатар, болашақтағы нәтижелер бағасы орындалмайтын ұйғарымдарға негізделген. Кез келген инвестиция мен кірістің құны төмендеуі немесе жоғарылауы мүмкін, оның нәтижесінде инвесторлар барлық инвестицияланған соманы кері ала алмайды. Инвестициялар үшін жалпыға танымал нарық боламан жағдайда инвесторлар түрлі қиындықтарға кездеседі, мәселен олардың сатылуы немесе олардың тәуекелімен байланысты оның құны туралы сенімді ақпарат алудан бастап.
3. Есеп жеке қаржы ерекшеліктер мен оны алатын тұлғалардың мақсатын ескермей жасалған.

KASE инвесторларға қандай да бір инвестициялар мен стратегиялардың мақсаттылығын бағалауды ұсынады және қаржы кеңесшілерінің қызметін пайдалануға шақырады.

Есеп берудің барлық құқықтары KASE тиесілі. Осы талдау материалын тарату және/немесе толық өндіру KASE жазбаша келісімінсіз жүзеге асырылады.